Әділет

# 2003 жылғы 7 тамыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген мәжілісінде айтылған Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 25 тамыздағы 188-ө өкімі

2003 жылғы 7 тамыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген мәжілісінде айтылған Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған 2003 жылғы 7 тамыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген мәжілісінің N 01-8.8 хаттамасын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарлары міндеттерді бөлуге сәйкес Жоспар іс-шараларын уақытылы орындау жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2003 жылғы 25 тамыздағы
N 188 өкімімен
бекітілген

## 2003 жылғы 7 тамыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген мәжілісінің N 01-8.8 хаттамасын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-шаралар жоспары

Ескерту. Жоспар өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.09.23 N 226 өкімімен .

| Р/С N | Тапсырманың мазмұны | Аяқтау нысаны | Орындалуына жауаптылар | Құжаттарды Үкіметке ұсыну мерзімі |
|---|---|---|---|---|

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2003 жылғы I жартыжылдықтағы қорытындылары және II жартыжылдыққа арналған міндеттері туралы

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. Қазақстан Республикасының Үкіметі: | | | |
| 1) шығыстарды қаржыландыру жоспарларының елеулі түрде жете атқарылмауына жол берген бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне бір ай мерзімде ықпал ету шараларын қолдансын; | Ақпарат | Е.А.Досаев, Қ.Н.Келімбетов | 2003 жылғы 1 қыркүйекке дейін |
| 2) ағымдағы жылғы 15 қыркүйекке дейін: | | | |
| - шикізат секторының кәсіпорындарынан кірістердің түсуі тетігін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізсін; | Ұсыныстар | Е.А.Досаев | 2003 жылғы 10 қыркүйекке дейін |
| - Мемлекет басшысына Жер кодексін іске асыру жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндама дайындасын; | Баяндама жобасы | Б.С.Оспанов | 2003 жылғы 10 қыркүйекке дейін |
| 3) ағымдағы жылғы 1 қазанға дейін: | | | |
| - Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуы стратегиясын іске асыру жөніндегі даму институттарын кешенді өзара іс-қимыл жасау мақсатында нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру жөніндегі жұмысты аяқтасын; | Ақпарат | Ә.Р.Жақсыбеков | 2003 жылғы 25 қыркүйекке дейін |
| - Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда | Ақпарат | Ә.Р.Жақсыбеков | 2003 жылғы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ұйымына кіруі жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлесін; | | | 25 қыркүйекке дейін |
| - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу бойынша заңнамасын жетілдіру жөнінде, оның ішінде конкурстық рәсімдерді жүзеге асыру бөлігінде ұсыныстар енгізсін; | Заң жобасы | Ә.З.Нәлібаев | 2003 жылғы 15 қыркүйекке дейін |
| - мемлекеттік сатып алуды жүргізудің, оның ішінде ұлттық компаниялар жүргізуінің тиімділігін талдауды дайындасын; | Ақпарат | Ә.З.Нәлібаев, Ұлттық компаниялар | 2003 жылғы 25 қыркүйекке дейін |
| - тұрғын үй-коммуналдық саладағы проблемалық мәселелерді шешу жөнінде ұсыныстар енгізсін; | Ұсыныстар | Ә.Р.Жақсыбеков, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2003 жылғы 25 қыркүйекке дейін |
| 4) ағымдағы жылғы 15 қазанға дейін: | | | |
| - Үкіметтің салалармен және кәсіпорындармен өзара іс-қимылын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізсін; | Ұсыныстар | Ә.Р.Жақсыбеков, В.С.Школьник | 2003 жылғы 10 қазанға дейін |
| - сауда-өнеркәсіп палатасының қызметін талдасын және оның жұмысының тиімділігін арттыру жөнінде шаралар қабылдасын; | Ұсыныстар | Ә.Р.Жақсыбеков | 2003 жылғы 10 қазанға дейін |
| - шағын және орта бизнес субъектілерінің қызметін тексеруді тәртіпке келтіру жөнінде шаралар қабылдасын және шағын бизнестің жұмыс істеуі мен | Ақпарат | Ә.Р.Жақсыбеков, Р.Т.Түсіпбеков (келісім бойынша) | 2003 жылғы 10 қазанға дейін |

дамуы үшін қолайлы жағдай
жасау жөнінде ұсыныстар
енгізсін;

- халықтың табысы аз жікте. Ақпарат Ж.А.Досқалиев 2003
рінің кеңінен қол жеткі. жылғы
зуі мақсатында дәрілік 10 қазанға
препараттар рыногында дейін
адал бәсекені қамтамасыз
ету жөнінде шаралар
әзірлеу;

- қазақстандықтардың қата. Ұсыныстар Ә.Р.Жақсыбеков 2003
рынан жоғары білікті ма. (шақыру), жылғы
мандар даярлауға ұлттық В.С.Школьник, 10 қазанға
компаниялар мен шетелдік Қ.Ы.Нағманов, дейін
инвесторлардың қатысуы Г.Ж.Қарағұсова,
туралы ұсыныстар енгізу; Ж.Ә.Құлекеев,
ұлттық
компаниялар

5) ағымдағы жылғы 1 қарашаға дейін:

- кедейлікті және жұмыссыз. Баяндама Қ.Н.Келімбетов, 2003
дықты азайту жөніндегі жобасы Г.Ж.Қарағұсова жылғы
жұмыс туралы баяндау 28 қазанға
дейін

- мемлекеттік (оның ішінде Заң Қ.Н.Келімбетов, 2003
жергілікті) басқару ор. жобасы Е.А.Досаев, жылғы
гандары мен ұлттық компа. О.И.Жұмабеков 28 қазанға
ниялар аппаратының санын дейін
Қазақстан Республикасының
Үкіметімен келісу бөлі.
гінде қолданыстағы заңна.
маға өзгерістер енгізсін;

- Шығыстарды жоспарлау Ақпарат Қ.Н.Келімбетов 2003
сапасын арттыру, атап жылғы
айтқанда мемлекеттік 28 қазанға
шығыстарды қысқарту дейін
тұрғысында мұқият қарау
жөнінде шаралар қабыл.
дасын және техникалық
-экономикалық негізде.

| | | | |
|---|---|---|---|
| месі мен жобалау-сметалық құжаттамасы жоқ жобаларды тиісті жылдың бюджетіне енгізуге жол бермесін; | | | |
| - ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізсін; | Ұсыныстар | Ж.Ә.Құлекеев | 2003 жылғы 28 қазанға дейін |
| 6) 2004 жылғы 1 қаңтарға дейін; | | | |
| - стандарттау және сертификаттаудың 2004-2006 жылдарға арналған ұлттық жүйесін дамытудың бағдарламасын әзірлесін әрі бекітсін; | Қаулының және Бағдарламаның жобалары | Ә.Р.Жақсыбеков | 2003 жылғы 1 желтоқсанға дейін |
| - мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыруға бөлінетін қаражаттың нысаналы пайдаланылуын қатаң бақылауды қамтамасыз ету жөнінде Мемлекет басшысына баяндама дайындай отырып, шаралар қабылдасын; | Ақпарат, баяндама жобасы | А.И.Мырзахметов (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2003 жылғы 20 желтоқсанға дейін |
| - оралмандарға тұрғын үй сатып алу үшін көзделген мемлекет қаражатын пайдаланудың тәртібін жетілдірсін; | Ақпарат | А.Қ.Жағанова (жинақтау), Е.А.Досаев, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2003 жылғы 20 желтоқсанға дейін |
| - жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын өңірлік инвестициялық жобаларды Үкіметпен міндетті түрде келісуді практикаға енгізсін; | Ұсыныстар | Қ.Н.Келімбетов, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2003 жылғы 20 желтоқсанға дейін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| - | қабылданған Жер, Орман және Жер кодекстеріне қатысты түсіндіру жұмысын жүргізсін; | Ақпарат | А.И.Мырзахметов (жинақтау), Б.С.Оспанов, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2003 жылғы 20 жел. тоқсанға дейін |
| - | Білім беру жүйесін және ғылымды, оның ішінде іргелі ғылымды реформалау жөнінде ұсыныстар енгізсін; | Ұсыныстар | Ж.Ә.Құлекеев | 2003 жылғы 20 жел. тоқсанға дейін |
| 7) | 2003 жылғы егіннің астығын сатып алу бағасын белгіленген тәртіппен көтерсін және орындалуы жөнінде Мемлекет басшысына баяндасын; | Қаулының жобасы | А.И.Мырзахметов | 2003 жылғы 1 қыркү. йекке дейін |
| 8) | Мемлекет басшысына тоқсан сайын табиғи монополиялар саласын қоса алғанда, бүкіл инфрақұрылымды қайта құрылымдау, жаңғырту және құру жөніндегі жүйелік шаралардың әзірленуі әрі қабылдануы туралы баяндасын; | Баяндама жобасы | Қ.Ы.Нағманов, В.С.Школьник, О.Ә.Жандосов (келісім бойынша) | Тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктер. мей |
| 3. | ЖЖМ бағаларының негізсіз өсуіне жол бермеу жөнінде пәрменді шаралар қабылдасын. | Ақпарат | О.Ә.Жандосов (келісім бойынша), В.С.Школьник, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Екі апта мерзімде |
| 4. | Бағалардың артуына әсер ететін факторларды жоя | Ақпарат | Ә.Р.Жақсыбеков (жинақтау), | 2003 жылғы 20 жел. |

| | |
|---|---|
| отырып, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің рыноққа еркін енуін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты аяқтасын. | А.И.Мырзахметов, Тұрысбеков З.Қ., облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | тоқсанға дейін |

---

Ескерту: бірге орындаушы мемлекеттік органдар басты орындаушы мемлекеттік органдарға орындалу мерзімі аяқталудан бес күн бұрын қажетті материалдар ұсынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК